

ЗАН

№8 | 2026



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

ЖАНАТ БЕКЖАНОВ,
ОТСТАВКАДАҒЫ

«ҚҰРМЕТТІ СУДЬЯ»:

**«ӨМІРЛІК
ҰСТАЗДАРДАН
ЖОЛЫ БОЛҒАН
АДАММЫН»**

4-БЕТ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№8 | 2026

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,

з.ғ.д., профессор

К. АЙТХОЖИН,

д.ю.н., профессор

Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,

з.ғ.д., профессор

Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

К. МАУЛЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

С. СӘБІКЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

Қ. ДОСАЛИЕВ,

з.ғ.д., профессор

В. ШУМИЛОВ,

Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

«ӨМІРЛІК ҰСТАЗДАРДАН ЖОЛЫ БОЛҒАН АДАММЫН»

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ 4

ЛЕБІЗДЕР 10

КӘСІБИ МАМАН ЕҢ СЫЙЛЫ АДАМ БОЛУЫ ТИІС

Т. ИБАШОВА 21

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

А. АХМЕТОВА 23

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Қ. ДАУРЕНБЕКОВ 25

ӘЙЕЛДЕР ТЕҢДІГІ ЗАҢМЕН КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН

Ұ. ТІЛЕУҚЫЗЫ 27

ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕХАНИЗМ ЗАЩИТЫ ПРАВ ГРАЖДАН

Б. ТОХТАХУНОВ 29

АБАЙ ІЛІМІ АДАЛДЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

Н. КЕНЖЕҒАРАЕВ 35

Жизнь, посвященная исследованию права и его защите
(К 75-летию профессора С.Ф. Ударцева)

К. МАУЛЕНОВ 37

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРАВОВЫХ МЕХАНИЗМОВ

З. АЛПЫСБАЕВА 46

Буллингтің алдын алу маңызды

Н. ШЫНДАЛЫ 48

«Қазақтың баласын арман өсірген. Қазақтың баласын тәуекел пісірген. Қазақтың баласын еңбек қатарға қосқан. Осы үшеуі серік болса, талай биіктерге шығамыз». Халқымыздың біртуар азаматы, жазушы Әбіш Кекілбаевтың осынау тамаша тәмсілінде суреттелгендей елімізде арманмен өсіп, тәуекелмен пісіп, еңбегімен ел алғысына бөленген арда азаматтар көп. Осы қатардан өмірінің 32 жылын сот саласына арнаған Жанат Бекжанов ойып тұрып орын алады.

Ол Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тумасы, Семейдегі мал-дәрігерлік институты мен Қожа-Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлегі. 43 жылдық еңбек өтілінде оның ауыл шаруашылығы, жергілікті басқару, сот салаларында тынымсыз еңбек етіп, өзіне сеніп тапсырылған қызметін абыроймен атқарғанын бүгінгі жетістіктері айқындайды. Кеңес тұсында Бүкілодақтық Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитетінің мүшелігіне Қазақстаннан 22 адам сайланса, Жанат Сақыбайұлы солардың бірі болды.

Ол Бүкілодақтық Комсомолдың XXI, Қазақстан комсомолының XVII-XVIII съездеріне делегат болып қатысты. Сот жүйесіндегі жұмысын Қазалы аудандық сотында консультанттықтан, ал судьялықты Арал аудандық сотынан бастады. Бұдан кейін Арал және Қармақшы аудандық, Қызылорда қалалық, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарына, сондай-ақ, Алматы қаласы Бостандық аудандық №2 сотында төрағалық етті. Алматы қалалық сотында судья, ҚР Жоғарғы Сотында кадр қызметінің басшысы болды. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Алматы қалалық және Қызылорда облыстық филиалдарын басқарды. Әрі осы Судьялар одағының соңғы 6 съезіне делегат ретінде қатысты.

Жанат Сақыбайұлы мықты судья ғана емес, іскер басшы. Бұл кісі басқарған соттарда ең алдымен БАҚ-пен байланыс күрт жақсарады. Өзгертіліп, толықтырылған заңдар туралы пікірталастар ұйымдастырып, басылымдар бетіне жариялау, сол арқылы халықтың құқықтық сауатын арттыруға судьяларды жұмылдыру

бағытында атқарған шараларына ел куә. Мысалы, Жанат Сақыбайұлы басқарған жылдары сотта заңгерлік білімі бар азаматтар ғана өкілдік ету керектігі туралы бастаманы Алматы қаласы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судьялары айрықша көтеріп, заңның өзгеруіне белсене атсалысқандары есімізде. Сондай-ақ, Бостандық аудандық №2 сотының жұмыс сапасы қылмыстық істер қарайтын соттардың алдыңғы қатарында болды.

Қазалы, Арал аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, «Сот жүйесінің үздігі», «Үш би» төсбелгілерінің, т.б. марапаттардың иесі Жанат Бекжанов 2011 жылы Қызылорда облысының «Үздік судьясы» атанды. Жүйе жұмысының жандануына өлшеусіз үлес қосқан Жанат Сақыбайұлы Қызылорда облыстық сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметінен құрметті отставкаға шықты.

Жақында, Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында ҚР Жоғарғы Сотының жоғары марапаты – «Құрметті судья» атағымен отставкадағы судья Бекжанов Жанат Сақыбайұлы марапатталды.



ЖАНАТ БЕКЖАНОВ, ОТСТАВКАДАҒЫ «ҚҰРМЕТТІ СУДЬЯ»:

«ӨМІРЛІК ҰСТАЗДАРДАН ЖОЛЫ БОЛҒАН АДАММЫН»



– Елімізде судьялардың тәуелсіздігі Конституциямен бекітілген, бірақ, қоғамдық пікірлер сот шешімдері мен үкімдеріне басшылық тарапынан қандай да бір ықпал болады дегенге саяды. Сіздің бұған айтарыңыз?

– Мұндай пікірлер мен 1994 жылы сотқа жұмысқа келген кездері де болған, қазір де айтылып жүр, болашақта да айтыла береді. Себебі, сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік қандай іс болсын кемі екі немесе бірнеше тараптың қатысатыны белгілі. Істің қорытындысында солардың біреуі ғана жеңіп шығады. Ал жеңілген жақ міндетті түрде әртүрлі пікір өрбітеді.

«Тұрсаң да қара қылды қақ жарып, кетеді біреу мақтап, біреу даттап», деп Абай атамыз айтқандай, ең соңғы нүктені сот қояды.

Қандай шара қолдансаң да, заңды қатайтсаң да мұндай пікірлер тоқтамайды. Ешкімнің аузына қақпақ бола алмайсың. Себебі, 32 жыл сот саласындағы тәжірибемде байқағаным осы. Кей жағдайда нақты дерекке емес, алыпқашпа әңгімеге сүйенген пікірлер де айтылып жатады. Ең өкініштісі, осындай жаңсақ пікірлердің принципшіл судьялардың үстінен жиі айтылатыны.

– Дербес кассациялық соттардың сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз етудегі маңызына қандай баға берер едіңіз?

– Дербес кассациялық соттардың құрылуы – Қазақстанның сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды реформалардың бірі. Оның негізгі мақсаты – азаматтардың кассациялық сатыдағы сот төрелігіне қолжетімділігін арттыру, құқық қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету және сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін барынша сапалы тексеруге жағдай жасау.

Дербес кассациялық соттардың жұмыс істей бастағанына көп уақыт болған жоқ. Сондықтан олардың қызметіне түпкілікті баға беруге әлі ерте деп ойлаймын. Кез келген жаңа институттың тиімділігі белгілі бір уақыт өткеннен кейін, қалыптасқан сот практикасы мен нақты нәтижелері арқылы бағаланады.

Соған қарамастан, бүгінгі өзінде оң өзгерістер байқалып отыр. Кассациялық сатының дербес жұмыс істеуі судьялардың белгілі бір санаттағы істерге тереңірек мамандануына, сот практикасының бірізділігін қалыптастыруға және құқықтық ұстанымдардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Әрине, кез келген реформа сияқты бұл жүйе де уақыт өте келе жетілдіріледі. Ең бастысы – дербес кассациялық соттардың қызметі сот төрелігінің сапасын арттыруға, заңның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға қызмет етуі тиіс. Егер осы мақсаттарға қол жеткізілсе, онда бұл реформа өзін толық ақтады деп айтуға болады.

– Сот жүйесінің қызметіне енгізіліп жатқан озық технологиялар мен цифрландырудың судьялар тәуелсіздігі мен жүктемесіне қаншалықты әсері бар?

– Цифрландыру бүгінгі таңда сот жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының біріне айналды деп есептеймін. Оның басты мақсаты – сот төрелігінің ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру.

Соңғы жылдары «Төрелік», «Сот кабинеті», электрондық іс жүргізу, сот отырыстарын бейнебайланыс арқылы өткізу, істерді автоматты түрде бөлу сияқты цифрлық шешімдер сот жұмысының



ажырамас бөлігіне айналды. Бұл азаматтардың сотқа жүгінуін жеңілдетіп қана қоймай, адам факторын азайтып, сот төрелігінің ашықтығын күшейтті.

Қазіргі таңда цифрландыру жаңа кезеңге көтеріліп отыр. Жоғарғы Сот жасанды интеллект элементтерін кезең-кезеңімен енгізіп жатыр. Атап айтқанда, «Цифрлық судья көмекшісі» жобасы судьяларға сот практикасын жедел талдауға, құқықтық ұстанымдарды іздеуге және құжаттармен жұмыс істеуге көмектеседі. Бұл судьяның орнына шешім қабылдайтын жүйе емес, тек оның жұмысын жеңілдететін интеллектуалдық құрал.

Сонымен бірге, істерді автоматты түрде бөлу, бірыңғай сот практикасын пайдалану және цифрлық талдау жүйелері соттардың тәуелсіздігін нығайтуға да ықпал етеді. Өйткені мұндай тетіктер қандай да бір субъективті ықпал ету мүмкіндігін барынша азайтады.

Әрине, технология ешқашан судьяны алмастыра алмайды. Заңды бағалау, дәлелдемелерді зерттеу және әділ шешім қабылдау – судьяның айрықша құзыреті болып қала береді. Сондықтан жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар сот төрелігін жүзеге асыратын құрал емес, оның сапасы мен тиімділігін арттыратын көмекші механизм ретінде қарастырылуы тиіс.

Сонымен қатар, цифрландыруға қарамастан, соттардың жұмыс жүктемесі әлі де азаймай отыр. Сондықтан алдағы кезеңде негізгі назар цифрлық технологияларды дамытуға ғана емес, оларды судьялардың уақытын үнемдеуге, күрделі істерді терең әрі сапалы қарауға мүмкіндік беретіндей тиімді пайдалануға аударылуы қажет деп есептеймін.

– Судьялыққа кандидаттарды іріктеудің қазіргі жүйесі көңіліңізден шыға ма? Бұл ретте тағы басқа қандай талаптар қамтылғаны жөн деп ойлайсыз?

Қазіргі судьяларды іріктеу жүйесі тәуелсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылған және оның өз артықшылықтары бар. Дегенмен, тәжірибеде әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары кездеседі.

Соның бірі – сот төрағаларының жауапкершілігі мен өкілеттіктерінің арақатынасы. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот төрағалары соттағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, судьялардың әдеп нормаларын сақтау және сот жұмысының ұйымдастырылуы үшін жауапты. Алайда, судьяларды іріктеу, тағайындау немесе басқа сотқа ауыстыру рәсімдеріне олар іс жүзінде қатыспайды. Көп жағдайда төраға өз сотына тағайындалған судьяны қызметке келгенге дейін мүлде білмейді.

Осындай жағдайда судьяның тәртібіне байланысты жауапкершілікті сот төрағасына жүктеу немесе одан талап ету қаншалықты әділ деген сұрақ туындайды. Егер заң сот төрағасына белгілі бір жауапкершілік жүктесе, онда кадрлық мәселелердің кейбір кезеңдерінде оның дәлелді пікірін ескерудің де тиімді тетіктері болғаны дұрыс деп есептеймін.

Мәселен, белгілі бір уақытта бірге жұмыс істеген судьяны басқа сотқа ауыстыру немесе жоғары қызметке ұсыну кезінде сот төрағасының кәсіби, уәжді қорытындысы ескерілсе, бұл кадрлық шешімдердің сапасын арттырып қана қоймай, төрағаның жауапкершілігі мен өкілеттігінің арасындағы тепе-теңдікті де қамтамасыз етер еді.

Тағы бір мәселе – кадрларды орналастыру. Жүктемесі ең жоғары – Алматы, Астана және Шымкент қалаларының аудандық соттарына тәжірибелі судьяларды тағайындауға басымдық берген орынды деп санаймын. Өйткені, мұндай соттарда тәжірибе мен кәсіби дайындықтың маңызы ерекше.

Сонымен бірге, судьялардың негізсіз жиі ауысуын шектейтін де тетіктер ойластырған жөн.

– Судьяларға көрсетілетін қызметтер, материалдық жағдайлары, медициналық көмек, т.б. осы жоғары мәртебе иелеріне сай ма? Бұл тұрғыда қандай шаралар қолға алынғаны жөн?

– Судья мәртебесі жоғары болғандықтан, оның әлеуметтік қорғалуы да соған сай болуы тиіс деп есептеймін. Өйткені судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін кепілдіктердің бірі – оның әлеуметтік және материалдық жағдайының лайықты деңгейде болуы.

Меніңше, ең өзекті мәселе – медициналық қамтамасыз ету. Судьялар бүгінгі күні бірде-бір ведомстволық медициналық мекемеге бекітілмеген. Кейде кеше ғана ісін қарап, үкім шығарған азаматтармен бір емханада, бір кезекте тұруға мәжбүр болады. Бұл тек қолайлылық мәселесі емес, судьяның қауіпсіздігі мен кәсіби қызметінің ерекшелігін ескеретін жағдай деп ойлаймын. Сонымен қатар, денсаулықты қалпы-



Мереке қарсаңында Жанат Бекжановқа ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиевтің өкімімен «Құрметті судья» атағы берілді. (24 маусым, 2026 ж.)



на келтіруге бағытталған санаторий-курорттық емделу мәселесі де назардан тыс қалмауы керек. Басқа құқық қорғау органдары қызметкерлеріне мұндай әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған.

Жалпы, судьяның жұмысы сырт көзге көрінгендей жеңіл емес. Ол күн сайын адамдардың тағдырына қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жауапкершілік үлкен психологиялық және эмоциялық жүктемемен қатар жүреді. Сондықтан, судьялардың денсаулығын сақтау мен кәсіби күйзелістің алдын алуға ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Материалдық қамтамасыз ету мәселесіне келсек, қоғамда судьялардың жалақысы жоғары деген пікір бар. Дегенмен, бұл мәселені тек жалақы мөлшерімен бағалау дұрыс емес. Судьяның мәртебесіне сай әлеуметтік кепілдіктердің толыққанды жүйесі болуы маңызды. Бұл – білікті мамандарды сот жүйесінде ұстап қалудың және сот билігінің тәуелсіздігін нығайтудың маңызды шарттарының бірі.

Тағы бір назар аударатын мәселе – экологиялық қолайсыз өңірлерде қызмет атқаратын судьялардың әлеуметтік кепілдіктері. Мысалы, Семей, Қызылорда сияқты өңірлерде құқық қорғау және әскери органдар қызметкерлеріне еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу тәртібі қолданылады, яғни, бір жылы



Қызылорда облыстық сотының апелляциялық алқасының кезекті сот отырысы

бір жарым жыл болып саналады. Ал дәл сондай жағдайда жұмыс істейтін судьяларға мұндай мүмкіндік берілмеген. Бұл мәселе де жан-жақты қаралып, әділ шешімін тапқаны дұрыс деп ойлаймын.

Қазіргі таңда бұл мәселелердің барлығы ҚР Судьялар одағы тарапынан көтеріліп, талқыланып келеді. Алдағы уақытта судьялардың әлеуметтік қорғалуын күшейту бағытында нақты нәтижелер болады деген сенімдемін.

– Тағайындалған судьядан гөрі сайланған судьяның тәуелсіздігі басым болады дегенмен келісесіз бе?

– Меніңше, судьяның тәуелсіздігі оның сайлануымен немесе тағайындалуымен ғана айқындалмайды. Ең алдымен, ол Конституциямен, заңмен және судьяның қызметіне берілген құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етіледі. Сондықтан, сайланған судья міндетті түрде тәуелсіз болады, ал тағайындалған судья тәуелсіз болмайды деген пікірмен толық келісу қиын.

Судьяларды сайлау мәселесі – өте күрделі әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін тақырып. Әлемдік тәжірибеде судьяларды сайлау жүйесін қолданатын мемлекеттер де, тағайындау жүйесін ұстанатын елдер де бар. Әр модельдің өзіндік артықшылықтары мен тәуекелдері кездеседі. Сондықтан, мұндай мәселені бір ғана өлшеммен бағалауға болмайды.

Кеңес дәуірінде халық судьяларын сайлау тәжірибесі болғанымен, сол кезеңнің қоғамдық-саяси жағдайы бүгінгіден мүлде өзгеше еді. Партия,

кәсіподақ, комсомол сияқты қоғамдық институттардың ықпалы күшті болды, көптеген даулар сотқа жетпей сол деңгейде шешілетін. Сондықтан сол тәжірибені қазіргі қоғамға сол қалпында көшіру дұрыс шешім болмас еді.

Сонымен қатар, қазір сот жүйесінде сайлаудың жекелеген элементтерін енгізу арқылы судьялардың пікірін ескеретін тетіктер біртіндеп қалыптасып келеді. Соңғы екі жылдан бері аудандық соттардың төрағаларын іріктеу кезінде сол соттың судьялары жасырын дауыс беру арқылы лайықты кандидаттарды Жоғары Сот Кеңесіне ұсынады. Менің ойымша, бұл – өзін ақтап келе жатқан тәжірибе. Өйткені бірге жұмыс істейтін әріптестерінің сеніміне ие болған төрағаның ұжымдағы беделі де, басқарушылық мүмкіндігі де жоғары болады.

Егер осындай тетіктер өзінің тиімділігін дәлелдей берсе, болашақта судьялар қауымдастығының пікірін ескеретін басқа да механизмдерді дамытуға болады деп ойлаймын. Бірақ, бұл асығыстықты көтермейтін мәселе. Ең бастысы, қандай модель қолданылса да, ол сот билігінің тәуелсіздігін нығайтып, судьялардың кәсібилігін арттырып, қоғамның сотқа деген сенімін күшейтуге қызмет етуі тиіс.

– Ата-анаңыз, отбасыңыз жайлы да айтсаңыз?

– Біз отбасында тоғыз ағайындымыз, төрт ұл, бес қыз. Әке-шешеміз өмір бойы ауылшаруашылығы саласында еңбек етті. Әкем осыдан он жыл бұрын 90 жасында, анам әкемнен соң төрт жыл салып 92 жа-

сында өмірден өтті. Әкем Қазалы ауылшаруашылық техникумын бітіріп, 1949 жылы арнайы жолдамамен Семей облысына жұмысқа барған. Абай ауданының Абай колхозында зоотехник болып еңбек жолын бастаған. Сонда анаммен танысып, 1950 жылы отбасын құрған екен. Кезінде аталған техникумның беделі институттардан жоғары болған.

Отбасының тұңғышы 1951 жылы қазіргі Абай ауданының орталығы Қарауылда өмірге келген. Әкемнің жолдамамен міндеттелген жұмыс мерзімі бітіп, екі жылдан кейін елге қайтады. Сүйегіміз, яғни, әкеміз Жалаңтөс баһадүр мен Әйтеке би бабаларымыздың ұрпағы, ал анам болса «Абай жолы» романындағы ұлы ақынның жан досы Ербол Көмекбайұлының туған шөбересі.

Бір ағам, інім, қарындасым өмірден өтті, қалғандарымыз құдайға шүкір әр салада еңбек етіп, қазір бәріміз зейнет демалысындамыз. Анам Семейдің қаржы техникумын бітірген, Қазалы ауданының Денсаулық сақтау бөлімінде 1951-1955 жылдары бас бухгалтер болып жұмыс жасаған. Әкем бас зоотехник, ферма меңгерушісі болып Қаракұм беткейіне жіберілген кезде шешеміз әкеміздің жағдайын ойлап бұл жұмысын тастауға мәжбүр болған екен. Кейіннен 1972 жылы шаруашылық орталығына келіп, сауда саласында жұмыс істеді, содан зейнетке шықты. Екеуі де, еңбек және тыл ардагері, анам «Алтын алқа» иесі.

Жұбайым Бақыт екеуімізде бір қыз екі ұлымыз бар. Үлкен балам мен қызым отбасылы, құдай берген бес немереміз бар, кіші ұлым биыл жоғары оқу орнын бітіріп жатыр.

– Сіздің бүгінгі деңгейге жетуіңізге кімнің ықпалы немесе ненің әсері мол болды деп ойлайсыз?

– Менің бірінші мамандығым зооинженер. Әкемнің ізін қудым. Ата-анам бір бала арамызда дәнекер болсын деді ме мектеп бітірген соң нағашыларымының еліне жіберді. Заңгерлікті қалап тұрсам да үлкендердің сөзін тыңдап, Семейдің Зооветеринарлық институтына түстім. Оқуды 1983 жылы бітіріп, жолдамамен Жарма ауданына жіберілдім. Қазақстан комсомолы атындағы асыл тұқымды мал (бұрынғы «Скотовод») заводында зоотехник болып жұмыс істедім. Бір жарым жылдан кейін мені жастар ұйымының хатшысы етіп сайлады. Мықты азаматтардың тәрбиесін көрдім.

Атап айтсам, совхоз директоры, ҚазССР Жоғары Кеңесінің депутаты, қазақтың ақ бас сиыры пародасы авторларының бірі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Күңсіләм Мұсажанов. Екіншісі, партия ұйымының хатшысы Мұтан Аймақов. ҚазҰУ-дің ректоры болған Ғылымқайыр Мұтановтің әкесі. Осы кісілерден алған тәрбиемнің пайдасы көп тиді. Қоғамдық жұмыстарға белсене



Жоғарғы Сот ұжымы сенбілікте



2021 жылы Стамбулда өткен Түркі тілдес елдердің Сот әділдігі академиялары және кадр қызметі басшыларының бас қосуы

араласып партияға, Семей облыстық комсомол комитетінің мүшелігіне өттім.

Қызылордаға келген соң облыстық комсомол комитетінің мүшесі, Қазалы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ВЛКСМ орталық комитетінің мүшесі болдым. Жастар ұйымында жұмыс істеген кездегі ұйымдастырушылық қабілетім, ізденісім барлығы өмірден орнымды табуыма дұрыс бағыт-бағдар берді. Ата-анам үлкен қызметте істеген жоқ, бірақ, маған берген тәрбиелері мен көрсеткен өнегелері өмірлік ұстанымымды қалыптастырды. Менің Семейде жастар ұйымында алған тәжірибем болашағыма оң әсер етті.

Қай салада болсын жақсы ұстаздарым көп болды. Қазалыда Қырымбек Көшербаевтың әкесі, белгілі қоғам қайраткері Елеу ағамызбен бірге үш жыл жұмыс істеу бақытына ие болдым. Ол кісі бірінші хатшы болғанда тек қана өндіріске, шаруашылыққа емес, сонымен қатар, өнер мен әдебиетке, білім мен мәдениетке өте қатты көңіл бөлетін жан-жақты да талапшыл азамат еді. Өмірлік ұстаздар жағынан жолым болғыш адаммын. Сот жүйесінде де мықты азаматтармен қызметтес болдым. Атап айтсам, Бектай Оспанов, Нармағамбет Әбдіхалықов, Бақтыбай Сариев, Мырзамұрат Имандосов, Амангельді Әнуарбеков. Қызылорда қалалық сотында төраға болып қызмет жасап жүргенімде облысқа қызметтік іссапармен келген сол кездегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Бектас Бекназаров жұмысымды әділ бағалап, соның нәтижесінде Алматыдан бір-ақ шықтық. Алматыда екі аудандық соттың

төрағасы болдым, оны өзіңіз жақсы білесіз. ҚР Жоғарғы Сотының экс төрағасы Жақып Асанов пен қазіргі төраға Асламбек Мерғалиев және Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакировпен Жоғарғы Соттың кадр қызметінің басшысы болған кезде бірге қызметтес болдым. Аты аталған азаматтардың әрқайсысынан алғаным, көңіліме түйгенім көп. Оларға үлкен рақмет!

– Осы жасқа жеткенше не түйдіңіз, неге көзіңіз жетті, болашақ әріптестеріңізге, жастарға не айтасыз?

– Ұлы Абайдың

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Қайратың мен ақылың екі жақтап, – деген сөздері менің өмірлік қағидама айналған. Осы қағидамен ізденуге, ұстаздарымнан үйренуге тырыстым, тек өзіме сенім арттым.

Жастарға, жас әріптестеріме айтарым, қазіргі кезде мүмкіндік өте көп, ең алдымен өзіңе сену керек. Сондықтан, өз-өзіңе бекем бол деп атам қазақ айтқандай өзінді дамытып, қайратың мен ақылыңа сүйену жарқын болашақ сыйлайды. Жастарға білімге ұмтылып, жан-жақты ізденіңдер дегім келеді. Қазір біреуге сеніп жұмыс істейтін заман емес.

Сөзімнің соңында, барлық әріптесіме үлкен алғысым мен рақметімді айтқым келеді. Алла тағала сіздермен тек жақсы жеңісті күндерде, абыроймен жүздесуге жазсын!

– Әңгімеңізге рақмет.



Алдыңғы буын ағалардан алған ақыл-кеңес артық болмайды

Бектас БЕКНАЗАРОВ,
ҚР Жоғарғы Сотының экс төрағасы:

ӨЗ ІСІНІҢ НАҒЫЗ ШЕБЕРІ

Жанат Бекжановты әріптес ретінде бұрын сырттай білсем, Қызылорда облысына барған сапарымда жақсы таныдым. Жанатты өз ісінің нағыз шебері ретінде бағалаймын. Сол кезде облыстық сотпен қатар қалалық соттың жұмысымен де арнайы таныстым. Жанат Сақыбайұлы басқарып отырған ұжымның қызметін, қараған істерін, сот кеңсесінің жұмысын өз көзіммен көрдім. Судьяларға жасалған жағдай, ұжымдағы тәртіп пен өзара қарым-қатынас мәдениеті бірден назар аудартты. Оның жұмысты жүйелі ұйымдастыра білетінін, кәсіби білігі жоғары, талап қоя алатын әрі жауапкершілігі мол басшы екенін анық байқадым.

Жанат Бекжанов Қызылорда қалалық сотын басқарған жылдары сот ұжымы жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өңірдегі үздік көрсеткіштердің бірін көрсетті. Әсіресе, сот жұмысын тиімді үйлестіруі, судьялар мен қызметкерлер арасында іскерлік тәртіп қалыптастыруы жоғары бағаланды.

Астанаға оралғаннан кейін мұндай тәжірибелі әрі қабілетті кадрға жауапкершілігі жоғары қызмет жүктеу қажет деген шешімге келдім. Сол кезеңде Алматы қаласындағы мамандандырылған экономикалық соттың жүктемесі ауыр болатын. Республикаға мықты төраға керек еді. Сондықтан бұл қызметке Жанат Сақыбайұлын ұсындым.

Ол көрсетілген сенімді толық ақтады. Қай қызметте жүрсе де іскерлігімен, кәсіби біліктілігімен

ерекшеленіп, талап қоя білетін басшы ретінде танылды. Сот әкімшілігі мен кеңсе жұмысын жетік меңгерген, басқарушылық қабілеті жоғары кадр екенін дәлелдеді.

Жанат Сақыбайұлына мықты денсаулық тілеймін. Бейнетінің зейнетін, балаларының рахатын көрсін.

Жақып АСАНОВ,
ҚР Жоғарғы Сотының экс төрағасы:

ӘДІЛДІК ТУЫН БИІК ҰСТАҒАН ТҰЛҒА



«Құрмет ордені» табысталған күн

Сот төрелігінің сапасы ең алдымен заңдардың мінсіздігінен немесе озық технологиялардан емес, нақты адамнан судьяның біліктілігі мен парасатынан басталады. Қандай ауқымды реформалар жүргізілсе де, соңғы нүктені қойып, шешім шығаратын судья. Адам тағдыры, қоғамдағы әділдік пен мемлекеттік билікке деген сенім тікелей осы судьяның қолында. Бүгінде Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы лауазымынан құрметті отставкаға шыққан әріптесіміз, әділдік жолында абыройлы қолтаңбасын қалдырған көрнекті заңгер Жанат Сақыбайұлы Бекжанов мерейлі 65 жасқа толып отыр.

Жанат Сақыбайұлы заң үстемдігін өмірінің темірқазығына айналдырған, парасат-пайымы биік, кәсіби біліктілігі мен адами қарапайымдылығы

қатар өрілген бірегей тұлға. Оның көпжылдық мінсіз қызметі, ұжым арасындағы сыйластығы мен терең білімі сот жүйесіндегі жас буынға әрдайым үлгі-өнеге. Ол Жоғарғы Соттың кадр қызметінің меңгерушісі болып тұрған шақта біз сот жүйесін тазарту және жаңғырту бойынша үлкен жұмыстарды жүргіздік.

Алайда, біз қолға алған кадрлық реформалар кедергісіз, оңайлықпен жүре қойған жоқ. Түбегейлі өзгерістерге деген ішкі және сыртқы қарсылық өте үлкен болды. Тіпті, Президент Әкімшілігі мен Жоғары Сот Кеңесінің кейбір лауазымды қызметкерлері тарапынан бұл жаңашылдықтарды қабылдамау, ескі жүйені сақтап қалу әрекеттері жасалды. Шынын айту керек, сол тұста айналамыздағы көптеген адамдар «осы шайқас немен бітер екен?» деген сыңай танытып, сырттай бақылап қана отырды. Дәл осындай сындарлы сәтте Жәкең бұғып қалған жоқ. Еш қаймықтастан қасымнан табылды. Тәуекелге бел буып, бір сапта тұрдық. Бір мақсат жолында қызмет еттік. Осындай қиын-қыстау шақта танытқан табандылығы, адалдығы мен кәсіби ерлігі үшін оған айтар алғысым шексіз. Міне, осы бір тарихи бұрылыста бәріміз жабылып, бұрынғы формальды екі сүзгінің орнына көпсатылы, күрделі жүйені енгіздік: деректерді шифрлау, ситуациялық кейстер, эссе, сұхбат, құзыреттерді бағалау.



Солдан оңға қарай: *Наиль Ахметзакиров, Жанат Бекжанов, Аслан Тукеев. Астана, 29 мамыр 2026 жыл*

Осындай реформалар нәтижесінде бұрынғыдай әрбір төртінші емес, тек жиырмамыншы үміткер ғана сүзгіден өтетін болды. Кездейсоқ адамдарға сот жүйесінің есігі тарс жабылды. Сонымен қатар қатардағы судьялардың біліктілігі Нидерланд пен БҰҰ сарапшыларының қатысуымен әзірленген жаңа әдістеме бойынша бағалана бастады. Реформадан кейін 7% судья бұл сыннан өте алмай, бес жыл ішінде әрбір бесінші судья қызметтен босатылып, төмендетілді. Жүйе тазарды. Мемлекет басшысының саяси ерік-жігерінің арқасында судьялардың жалақысы еселеп өсті, жүктеме азайды, тәуелсіздік кепілі нығая түсті. Ал Сот төрелігі академиясы нағыз кадр ұстаханасына айналды.

Құрметті Жанат Сақыбайұлы! Сізді 65 жасқа толған мерейтойыңызбен және абыройлы белеске жетіп, құрметті демалысқа шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Заң үстемдігі мен әділдікті орнату жолындағы қажырлы еңбегіңіз кейінгі толқынға үлкен мектеп. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, әр күніңізге шаттық пен бақ-береке тілеймін. Елге сіңірген еңбегіңіздің зейнетін көріп, абырой биігінде жүре беріңіз!

Наиль АХМЕТЗАКИРОВ,
ҚР Сот әкімшілігінің басшысы:

ҮЛКЕНГЕ ІНІ, КІШІГЕ ҚАМҚОР АҒА

Қызметтік лауазымын, еңбек өтілін және кәсіби жетістіктерін ғана емес, ең алдымен адамдық болмысын сөз етуге тұрарлық жандар болады. Біздің ұжым үшін сондай тұлғалардың бірі – Жанат Сақыбайұлы Бекжанов.

2020–2023 жылдары Жанат Сақыбайұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің, қазіргі Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің кадр қызметін басқарды.

Ол кадрлық процестерді үнемі бақылауда ұстап, адамдарға әрқашан қамқорлықпен қарайтын басшы. Жауапкершілігі, тәртіптілігі және өз ісіне деген адалдығы оны әріптестері арасында ерекше құрметке бөлейді.

Әсіресе, аппараттық кеңестерде берілген әрбір тапсырманы мұқият жазып отыратын әдеті бізге үлгі. Оның назарынан ешбір ұсақ-түйек нәрселердің өзі тыс қалмайтын. Ең бастысы, қолға алған әрбір ісін соңына дейін жеткізетін.

Кәсіби тәжірибесі мен сот жүйесінің ерекшеліктерін терең түсінуінің арқасында Жанат Сақыбайұлы кадр қызметінің дамуына елеулі үлес қостық. Оның басшылығымен маңызды кадрлық мәселелер



шешіліп, жұмыс процестері жетілдірілді, қызметкерлердің кәсіби дамуына және тәжірибе сабақтасығын сақтауға айрықша көңіл бөлінді.

Сырт көзге талапшыл көрінгенімен, оның болмысында мейірімділік пен жанашырлық қатар жүреді. Ол әрдайым тыңдай білетін, қиын жағдайда қолдау көрсетіп, даналық кеңес бере алады. Көптеген қызметкерлер оны өз білімін және мол тәжірибесін аянбай бөлісетін тәлімгер ретінде таниды.

Мұндай адамдар өздерінен кейін тек атқарылған жұмыстың нәтижесін ғана емес, әріптестерінің құрметі мен ізгі естелігін де қалдырады. Олармен бірге қызмет атқарған әріптестердің жүрегінде әрдайым алғыс сезімі бар.

Бүгінде Жанат Сақыбайұлы зейнет демалысына шығып отыр. Оның кәсіби жолындағы маңызды кезең аяқталғанымен, көп жылғы еңбегі мен адамгершілік қасиеттеріне деген құрмет әрдайым сақталады.

Құрметті отставкаға шығуына байланысты 65 жас мерейтойында Жанат Сақыбайұлына шын жүректен зор денсаулық, отбасылық амандық, жан тыныштығын, бақ-береке және ұзақ ғұмыр тілеймін. Еңбегімен, кәсібилігімен және адамгершілік қасиетімен адамдарға жасаған барлық жақсылығы өзіне еселеніп қайтсын, – дегім келеді.

Гүлжаһан МУСИНА,
отставкадағы судья:

ҰЛЫЛЫҚ – КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІКТЕ

Мен Жанат Сақыбайұлымен Алматы қаласының сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы бірге қызмет ету мәртебесіне ие болдым. Осынау жыл-

дар ішінде қалыптасқан жылы да сыйластыққа толы қарым-қатынасымыз бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Біз қазір де жиі хабарласып, сот реформалары төңірегінде ой бөлісіп, амандық-саулық сұрасып тұрамыз.

Жанат Сақыбайұлы туралы білікті әріптес, білімді басшы ретінде көп нәрсе айтуға болады. Алайда, мен оны, ең алдымен, «Бас әріппен жазылатын АЗАМАТ», нағыз кісіліктің үлгісі ретінде ашып көрсеткім келеді. Оны өзге әріптестерден даралап тұратын басты қасиеттері – шынайы адамгершілігі, мейірімділігі, өзге жанның мәселесіне бей-жай қарамай, уақыты мен көмегін аямайтын жанашырлығы. Ол – болмысы ашық, жаны жомарт, ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен заңдарын терең меңгерген және сол қасиетті құндылықтарды қазіргі заман талабымен шебер ұштастыра білген тұлға. Өкінішке орай, уақыт өзгерген сайын халқымыздың бірегейлігін айқындайтын сол асыл құндылықтар көмескіленіп бара жатқандай. Ал Жанат Сақыбайұлының бойында бұл қасиеттер ерекше лаулап тұрады.

Мен оның бұл қырларын Алматы қалалық Судьялар одағы филиалының төрағасы болып тұрған тұста, ардагер судьялармен жұмыс істеген кезінде анық байқадым. Жанат Сақыбайұлының арқасында біз зейнеттегі ардагерлермен байланысты мүлдем жаңа, жоғары деңгейге көтердік. Ол ардагерлермен жұмысты өзінің қызметіндегі ең басты басымдық ретінде белгілеп, үлкендердің бірде-бір өтінішін назардан тыс қалдырған емес. Тіпті, кейіннен Астана қаласына, Жоғарғы Сотқа қызметке ауысқаннан кейін де Алматыдағы ардагерлерге деген қамқорлығы мен көмегін тоқтатқан жоқ.

Оның адами болмысын айқындайтын өмірден алынған бір ғана оқиғаны еске алғым келеді. 2020 жыл. Дүниежүзін пандемия жайлап, жаппай қа-



Қызылорда судьялары сот жүйесінің ардагері Марат Сабырбаевпен бірге

рантин жарияланған, ауру мен өлім-жітім көбейіп, үлкен кісілерге үйден шығуға тыйым салынған ауыр кезең еді. Мен де сол вирусты жұқтырып, үйде өз бетімше дертпен алысып жатқанмын. Дәл осы қиын сәтте 2003 жылдан бері отставкадағы ардагер судьямыз Болат Тохметовтың қайтыс болғаны туралы суық хабар жетті. Ол кісі артында зайыбы мен бала жасынан мүгедек ересек ұлын қалдырыпты, ал қызы отбасымен Ирландияда тұратын. Ауыр дерттен көз жұмған әріптесімізді соңғы сапарға шығарудың қаншалықты қиын болатынын бірден елестеттім. Оның үстіне, марқұмның соңғы аманаты – өзі ұзақ жылдар еңбек еткен Теміртау қаласында жерлену екенін жеткізді.

Қалалық соттар әкімшілігі, өкінішке орай, жұмысбастылықты, адамдардың тапшылығын және карантинді сылтауратып, жерлеу рәсімін ұйымдастыруға қолұшын созудан бас тартты, тек материалдық қаражат жинаумен ғана шектелді. Мен не істерімді білмей, тығырыққа тірелдім. Сол сәтте Астанада жүрген Жанат Сақыбайұлы есіме түсті. Оған телефон соғып, жағдайды түсіндіріп, көмектесуін өтіндім. Тұтқаның арғы жағынан оның шынайы жанашырлығы мен көмекке дайын дауысын естігенде, көзіме жас еріксіз құйылды.

Жанат Сақыбайұлы бұл жағдайды дереу Жоғарғы Сот төрағасы Жәкіп Асановқа баяндады. Бірнеше сағаттың ішінде Жоғарғы Сот төрағасының тапсырмасымен және Қарағанды облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Шәріповтың тікелей араласуымен ардагер судья Б. Тохметовтың соңғы аманаты орындалып, оны Теміртау қаласында жерлеу мәселесі толық шешілді.

Бұл – Жанат Сақыбайұлының ғибратты ғұмырынан алынған бір ғана мысал. Жақында ол судьялықтан құрметті отставкаға шықты. Мен Жанат Сақыбайұлына шын жүректен мықты денсаулық, сүй-

ікті отбасы мен адал достарының ортасында бақытты да мазмұнды зейнеттік ғұмыр кешуін тілеймін!

Амангелді АНУАРБЕКОВ,
Қызылорда облыстық соттағы
Ардагерлер ұйымының төрағасы:

ТАЗА ЕҢБЕКТІҢ АДАМЫ

Жанатпен Қазалы аудандық сотынан, яғни, отыз жылдан аса уақыттан бері таныспын. Осы сотта ол өзінің мықты маман екенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Арал аудандық сотына судья болып тағайындалды. Еңбек жолында аудандық, қалалық соттарда, облыстық сот алқасында төраға болды. ҚР Жоғарғы Сотының кадр бөлімінде басшылық қызмет атқарды.

Соның бірінде де, яғни, қызметі қаншалықты өссе де Жанат ешқашан да кішіпейілділігін жоғалтқан емес. Барлық уақытта өзгелерден жан-жақты білім-білігімен, адами жоғары қасиетімен биік тұрды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті зор. Қызылордадан шыққан ініміздің әрбір жетістігіне қуанып отырамыз. Ол бүгінгі деңгейге таза еңбегінің арқасында қол жеткізді.

Оның еңбегінің еленіп, өз бағасын алғанына біз әрдайым мақтанамыз.

Отбасымызбен аға, іні болып араласамыз. Келініміз Бақыт та өте мақтарлық жан. Жанаттың әрбір жетістігіне өлшеусіз үлес қосқанын айтпай кетуге болмайды. Балаларды жақсы тәрбиелеп, азаматының елге алаңсыз қызмет етуіне жағдай жасады.

«Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деген сөз судьялық қызметтің жолы ауыр, жауапкершілігі





жоғары екенін көрсетеді. Жанат Сақыбайұлы осындай жауапкершілігі тым жоғары саланың өркендеуіне өмірін арнады.

Жанат Бекжанов талай жасқа қолдау білдіріп, ағалық қамқорлығына бөледі. Бүгінде оған қарап бой түзейгіндер аз емес. Себебі, өнегелі өмірі мен еңбек жолы кімге болса үлгі.

Жанат ақжарқын, елдің бәрімен тез тіл табысады. Зейнетке «Құрметті судья» атағымен шықты. Бұл дегеніңіз екіншісі біріне беріле бермейтін үлкен құрмет. Жанатқа әрдайым еңбегің жана берсін дегім келеді.

Нүрділда СЕЙІТОВ,
отставкадағы судья:

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АДАЛДЫҚ ТАНЫТТЫ

Жанат Сақыбайұлын 2010 жылдан бастап білемін. Көп жылдар бойы әріптес болдық. Сот саласының жандануына ерекше үлес қосты. Қызылорда облыстық сотының апелляциялық алқасында төрағалық қызмет атқарып жүргенімде Жанат Бекжанов қалалық соттың төрағасы болды. Сол кездері өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, өз ісіне деген айрықша жауапкершілігімен көзге түсті. Аса ыждағатты, барлық істі ынты-шынтысымен қарайтын. Қызылорда қалалық соты облыстағы ең үлкен сот, жұмыс көрсеткіші де жоғары болды.

Барлық проблемалық сұрақтарды облыстық соттың алдына батыл әрі ашық қоя білді. Республика бойынша сот тәжірибесіне баса назар аударып, соларды әрдайым айтып отыратын. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғарыдағы басшылардың назарынан тыс қалмады. Алматы қаласының ма-

мандандырылған экономикалық сотына, Бостандық аудандық №2 сотына төраға болды. ҚР Судьялар одағының филиалын басқарды.

Жанат Сақыбайұлы қай сотқа барса да қазақ тіліне басымдық берді. Мемлекеттік тілді дамытуға, оның қолданыс аясын кеңейтуге ерекше еңбек сіңірді. Өзі де қазақ тілінде өте сауатты сөйлейді әрі жазады. Сөзге шешен адам. Қазақ тілінде қаралатын істерге қатты мән берді.

Жанат Бекжановты сондай принципшіл, әділ судья ретінде таныдым. Еңбегі бағасыз қалмады. Мемлекеттік марапаттар алды. Алматыда жұмыс істегенімде мен Алматы қалалық сотында судья болдым. Жанат Сақыбайұлы өзін әрқашанда жақсы жағынан танытты.

Мықты әріптес, адал досқа айтарым қайда жүрсе де жолы болсын. Алланың бұйыртқан жасын жасап, берекелі ғұмыр кешсін!

Тұрсынәлі ТӨЛЕГЕНОВ,

*Алматы қаласының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы:*

ӘР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАДЫ

2013 жылдың желтоқсан айы менің кәсіби өмірімдегі айтулы кезеңдердің бірі болды. Сол жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Маңғыстау облысынан Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына судья қызметіне ауыстырылып тағайындалдым. Бұл мен үшін жай ғана қызмет орнын ауыстыру емес, жаңа ортада мол жауапкершілікті арқалап, сот төрелігін жүзеге асыру жолындағы



кәсіби қызметімнің жаңа белесін бастаған ерекше кезең болды.

Сол кезеңде аталған соттың төрағасы қызметін Жанат Сақыбайұлы Бекжанов атқарды. Сабырбаев Марат ағамыз «Жанат Сақыбайұлын адамгершілігі өте жоғары жігіт» деген еді. Оған алғашқы кездесуде-ақ көзім жетті. Бірден баурап алды. Тағдырдың жазуымен екі жыл бойы осы азаматпен бір ұжымда қызмет ету бақыты бұйырды. Бұл жылдар мен үшін тек кәсіби тәжірибе жинақтау кезеңі ғана емес, сондай-ақ басшының бойындағы адамгершілік қасиеттерді, ұйымдастырушылық қабілетті және судьяға тән парасат пен сабырды жақыннан таныған тағылымды уақыт болды.

Жанат Сақыбайұлы ұжымдағы әрбір қызметкерге құрметпен қарады, талап пен жанашырлықты қатар ұстанатын басшы ретінде есте қалды. Оның сот жұмысын ұйымдастырудағы жүйелілігі, заң талаптарын мүлтіксіз сақтау қағидатына беріктігі және әріптестеріне көрсеткен қолдауы сот ұжымында өзара сенім мен сыйластық ахуалын қалыптастырды. Ол әрдайым судьяның тәуелсіздігіне құрметпен қарап, әріптестерінің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлетін.

Қызмет барысында күрделі экономикалық дауларды қарау кезінде оның тәжірибесі мен өмірлік ұстанымдары көпшілікке үлгі болатын. Әрбір мәселені байыппен саралап, құқықтың үстемдігін басты қағида ретінде ұстануы оның кәсіби келбетін айқындайтын маңызды ерекшеліктердің бірі еді. Басшы ретінде талапшыл болғанымен, әділ шешім қабылдай білетін, әріптестерінің пікіріне құлақ асатын, сабырлы мінезімен ұжымға үлгі көрсете білді.

Мен үшін осы екі жыл кәсіби қалыптасудың маңызды мектебі болды. Тәжірибелі әріптестермен бірге еңбек етіп, сот төрелігін жүзеге асырудағы жауапкершілікті тереңірек сезінуге мүмкіндік алдым. Бұл жолда Жанат Сақыбайұлының ақыл-кеңесі, бағыт-бағдары мен парасатты көзқарасы кәсіби шыңдалуыма оң ықпал етті.

Бүгінде Жанат Сақыбайұлының құрметті демалысқа шығуы – сот саласында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, өз міндетін абыроймен атқарған азаматтың өмір жолындағы маңызды әрі лайықты белес. Ол саналы ғұмырын заң үстемдігін қамтамасыз етуге, сот төрелігін әділ жүзеге асыруға және сот жүйесінің беделі мен абыройын нығайтуға арнады. Оның еселі еңбегі мен кәсібіне деген адалдығы әріптестерінің құрметіне бөленіп, көпшілікке үлгі болды.

Осы орайда Жанат Сақыбайұлының сот жүйесінің дамуына қосқан елеулі үлесі мен көп жылғы жемісті еңбегі үшін шынайы ризашылығымды

білдіремін. Алдағы ғұмырында мықты денсаулық, отбасына амандық, ұзақ өмір, баянды бақыт пен жан тыныштығын тілеймін. Жақындарының ортасында мерейі үстем болып, ұрпағының қызығын көріп, ел-жұрты мен әріптестерінің сый-құрметіне бөлене берсін. Еңбекпен келген абыройы әрдайым асқақ болып, өмірінің жаңа кезеңі тек қуаныш пен игілікке толы болғай.

Гүлнар ТИШТЫҚБАЕВА,

Қызылорда облыстық сотында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы:

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖАН



Жанат Сақыбайұлымен облыстық сот алқасында бірге қызмет еттім. Кәсібін дәл таңдаған нағыз судья, жанашыр әріптес. Өте жауапты, кез келген жұмысқа ұқыптылықпен қарап, тез арада орындайды. Ол кісінде қандай да бір істі кейінге қалдыру деген жок. Қазіргі шаруаны дәл уақытында шешеді. Бұл көп адамда кездесе бермейтін өте ұлағатты қасиет.

Жанат Сақыбайұлы жақсы әріптес, жақсы жар, өнегелі әке, мықты басшы, қамқор аға. Жасы келгеніне қарамай сот саласына берері, жастарға үйретері көп. Отставкаға қимастықпен шығарып салып жатырмыз. Әлі де болса әділ сот төрелігін атқаруға Жанат Сақыбайұлының денсаулығы да, күш-жігері де жетеді. Спортпен шұғылданады, өзін мықты сақтаған, өте ширақ, қимылы шалт азамат.

Отставкаға шықса да алдағы уақытта қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатынына сенімдімін. Әріптес ретінде мықты денсаулық, отбасына жер бетіндегі жақсылықтың бәрін тілеймін. Кіші ұлын да ұясына қондырып, асыл жарымен бірге балаларының, немерелерінің ортасында шат-шадыман өмір сүруіне шын жүрегіммен тілектеспін.





Людмила БЕКТЕМИРОВА,
судья Алматинского городского суда:

ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ОРГАНИЗАТОР

С Жанатом Сақыбаевичем работала в районном суде №2 Бостандыкского района города Алматы в период с 2015 по 2020 годы. Он был председателем суда. Под его руководством работало комфортно. Он замечательный организатор, умный и тактичный руководитель.

Также совместно с ним возглавляли филиал Союза судей в г. Алматы. В общественной работе он также проявлял огромный творческий потенциал. Уже давно мы работаем в разных регионах. При этом сохраняем крепкие дружеские отношения. Общаемся семьями. У него замечательные сыновья! Продолжатели его рода.

Жанат Сақыбаевич – замечательный человек, надежный друг. В наше время это редкие и очень ценные качества. Он достойно заслужил почетную отставку! Поздравляю его с днем рождения и почетной отставкой!

Марат ТУРГАНБАЕВ,
отставкадағы судья:

БАРЛЫҚ МАҚТАУ-МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ

Жанат Сақыбайұлы өте керемет кісі. Мұндай тұлғалар ғасырда сирек туылады десем артық айтқандығым болмас. 65 жасқа толса да құдайға шүкір бойында 18 жасар жігіттің күш-қуаты бар. Егер 63 жаста зейнетке шығу туралы заңмен шектеу қойылмаса Жанат Сақыбайұлы сынды мықты тұлғалар 90 жасқа дейін жұмыс істей берер еді.

Адамгершілігі мол, кішіпейіл, яғни, «Ұлық болсаң кішік бол» деген халқымыздың ұлы сөзін осы кісі нық ұстанған. Білімді, кәсіби деңгейі өте жоғары, жан-жақты кісі. Ұстазымыз, бір жағынан әріптесіміз есебінде айрықша құрметтеймін. Үлкен әулеттің басшысы, балалары өте тәрбиелі. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды, енді кенжесін аяқтан-дыруына тілектеспін.

Осының барлығына бірге жетіп отырған жеңгеміздің де еңбегі ерекше. Бір-біріне лайықты жұп болған соң қазіргі деңгейге жетіп отыр. Әлемдегі барлық жақсылық, барлық мақтау Жанат Сақыбайұлына лайық деп ойлаймын.

Жанат Сақыбайұлы, жаңа жасың құтты болсын!

Роман СЕЛИЦКИЙ,
Бостандық аудандық №2 сотының төрағасы:

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ



Жанат Сақыбайұлы – өз ісінің нағыз кәсіби маманы, жоғары деңгейдегі басшы әрі адамгершілігі мол азамат. Мен онымен бір сотта бірге қызмет атқардым. Ол аудандық соттың төрағасы болса, мен сол соттың судьясы едім. Оның басшылығымен жұмыс істеген жылдар мен үшін үлкен мектеп болды.

Жанат аға әрдайым ұжым мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары қоятын. Қызметкерлерін қорғап, қолдап, қиын жағдайда демеу бола білді. Әріптестерінің кәсіби өсуіне ерекше көңіл бөлетін. Өзімнің де кейін сот төрағасы болуыма оның ақыл-кеңесі мен бағыт-бағдарының ықпалы зор болды. Ол кісі мені қашанда: «орнында отырып қалма, құжаттарыңды тапсыр, алға ұмтыл», – деп жігерлендіріп отырды. Соның арқасында жаңа белеске қадам бастым.

Оның тағы бір айрықша қасиеті – көрегендігі. Кез келген істі жан-жақты зерделеп, мәселенің түп-төркінін дәл табатын. Бірде, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жеткіліксіз болып, қандай шешім қабылдау керектігіне күмән туған сәт болды. Сонда Жанат аға біздерге жол көрсетіп, істе қай дәлелдерге ерекше назар аудару қажет екенін көрсетті. Соның нәтижесінде заң талаптарына сәйкес, әділ шешім қабылданды. Бұл – оның ешқашан дайын жауап ұсынбай, әріптестерін өз бетінше дұрыс қорытынды жасауға үйрететін тәлімгерлік қасиетінің айқын көрінісі.

Жанат Сақыбайұлы ұжымдағы адамдардың қарым-қатынасына да ерекше мән беретін. Әр қызметкердің жағдайын түсініп, қолынан келген көмегін аямайтын. Оның кабинетіне тек судьялар ғана емес, прокуратура, полиция, өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлері де ақыл-кеңес сұрап

келетін. Өйткені оның пікіріне бәрі сенетін, айтқан тұжырымы көбіне дұрыс болып шығатын.

Ол тек беделді басшы емес, үлкен абыройға ие азамат еді. Мұны оның айналасына жиналған адамдардың көптігінен, әріптестері мен достарының ерекше құрметінен анық байқауға болатын. Қай ортада болмасын сыйлы болды.

Мен үшін Жанат Сақыбайұлы – кәсіби шеберліктің, әділ басшылықтың және адамгершіліктің жарқын үлгісі. Осындай азаматпен бірге қызмет атқарғанымды мақтан тұтамын.

Камшат САДУАҚАСОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы:

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Қазақта «Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады» деген тағылымды сөз бар. Маған судьялық қызметімде кәсіби бағдар беріп, қабілет-қарымымды шыңдауға ықпал еткен сот саңлағының бірі – Жанат Сақыбайұлы Бекжанов.



Жанат Сақыбайұлы – менің сот саласындағы алғашқы төрағам. Судьялық қызметке енді кірісіп, жауаптылығы жоғары жүйенің қыр-сырына жаңа үйрене бастаған уақытта төрағаның қолдауымен қоса, ақыл-кеңесі ауадай қажет. Оның үстіне жүктемесі көп, жұмысы қауырт Қызылорда қалалық сотында төрелік жасау оңай болмайтын. Осындай екіұдай сезімде жүрген мені алғашқы төрағам қақпайлай жүріп қанатымды қатайтты, күнделікті қамшылай отырып шеберлігімнің шыңдалуына үлесін қосты. Ол кісінің талапшылдығының, тәртіпке жіті көңіл бөлуінің арқасында судьялар да жүктелген істі дер кезінде, сапалы атқаруға дағдыланды.

Жанат Сақыбайұлы әділ судья, заңды жетік біліп, шебер қолдана алатын кәнігі қазы ғана емес, мықты ұйымдастырушы, көпшілікті бір мақсатқа ұйыстыра алатын көшбасшы ретінде де әріптестер арасында жоғары беделге ие. Ол кісінің ізденгіштігі, еңбекқорлығы баршаға үлгі боларлықтай. Әсіресе, Бекжанов өзі қызмет еткен сот саласының бүгіні мен ертеңіне шын жанашыр, шын тілеулес бола білді. Саланы жандандыруға, жаңғыртуға қатысты реформаларға үнемі үн қосып, пікірін білдіріп отыратын сергектігі де таңқалдырмай қоймайтын. Ол кісіні – өзгелерден ерекше ойлайтын, кез келген мәселені тиімді шешудің оңтайлы жолын оңай табатын, білімі терең, зиялы тұлға десек ақиқаттан алыстамаймыз.

Жанат ағамыздың ардагер судьяларды ұмытпай, үнемі хабарласып, қолдау көрсетіп отыруы да үлкенге деген ізеттің белгісіндей еді. Сонымен қатар, әрбір жас судьяның ғана емес, әрбір маманның жағдайына үңіліп, жақынындай қамқор бола білген бекзат болмысын біз үнемі ілтипатпен айтып жүреміз.

Міне біз білетін Бекжанов – білімді, қамқор, талапшыл, жауапты, іскер, көшбасы. Біз осындай ұстаздан тәлім алдық, судьялық қызметке төселдік. Қазір өзіміз де тәжірибе қалыптастырып, жас судьяларға жол нұсқап отырамыз. Міне, сондай сәттерде үнемі Жанат Сақыбайұлының жылдар бойы айтқан ақылы, кеңесі бізге тура жол нұсқап тұрғандай әсер етеді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді бабаларымыз. Бүгінде үлкен абыроймен отставкаға шығып, «Құрметті судья» атанған Жанат Сақыбайұлының өнегелі жолын абыроймен жалғастыра алсақ біздің мақсатымыздың орындалғаны.

Дайындаған
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист

КӘСІБИ МАМАН ЕҢ СЫЙЛЫ АДАМ БОЛУЫ ТИІС

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІН, ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫН, ЯҒНИ, ТАБЫСТЫ ДАМУЫН ЕҢБЕК АДАМДАРЫНАН БӨЛІП ҚАРАЙ АЛМАЙМЫЗ. ОСЫ СЕБЕПТІ, КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ДАМУ, ӘР АЗАМАТТЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕК ЕТУІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ӘРІ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАРЛЫҚ УАҚЫТТА ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙДЫ. МҰНЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «КӘСІБИЛІК ПЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ҚОҒАМЫМЫЗДА ЕҢ ЖОҒАРЫ ОРЫНДА ТҰРУЫ ҚАЖЕТ. ЕЛІМІЗДЕ ЕҢБЕКҚОР КӘСІБИ МАМАН ЕҢ СЫЙЛЫ АДАМ БОЛУҒА ТИІС. ОСЫНДАЙ АЗАМАТТАР МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ ДАМУЫТАДЫ. БІЗ ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУІМІЗ КЕРЕК. ҚАНДАЙ КӘСІППЕН АЙНАЛЫССАҢ ДА, ОНЫ САПАЛЫ АТҚАРУ МАҢЫЗДЫ» ДЕГЕН СӨЗІ ДЕ БАЙҚАТАДЫ.

Осы мақсатта елімізде еңбек қауіпсіздігін күшейту, сол арқылы өндірістік жазатайым оқиғаларды азайту міндеттеріне басымдық беріліп, кәсіптік білім мен тәжірибе басты құндылықтар ретінде насихатталуда. Мысалы, мемлекеттік саясатқа сай, биылғы оқу жылында жұмысшы және техникалық мамандықтар бойынша колледждерге 140 мың мемлекеттік грант бөлінді.

Тағы бір шара «Еңбек жолы» байқауы республикалық және өңірлік деңгейде жыл сайын өтеді. Сонымен қатар, 2025 жыл Президент тапсырмасымен «Жұмысшы жылы» болып жарияланды. Бұл шара өз кезегінде жұмысшы мамандықтарының беделін көтерді.

Әр саланың өз қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Сондықтан, өз ісінің шебері болу – әрбір маманның өз ісіне деген жауапкершілікке тікелей байланысты.

Өз кәсібін терең меңгерген, яғни, жұмысын жанын салып істейтіндер – еңбек адамы саналады. Бұл қатарда дәрігер, мұғалім, баспагер, инженер, шығармашылық, өнер адамдары, кәсіпкер, т.б. бар. Бұлардың барлығын маңдай термен келген адал еңбек біріктіреді.

Еңбек адамдары өз ісімен қатар елдік істерге де адалдық танытады. Олар уақытпен санаспайды, өз ісім немесе қоғамдық жұмыс деп бөлмейді. Әрбір ісін кәсіби деңгейде меңгеріп, кәсібін шығармашылық тұрғыда дамытады. Сол арқылы ел

игілігіне еңбегін сіңіріп, қоғамның дамуына үлесін қосады.

«Еңбек – бейнет емес зейнет» немесе «Бақыт кілті – еңбекте» демей ме дана халқымыз. Арамызда бақытын еңбектен тауып, зейнет жасына абыроймен жеткен замандастарымыз жетерлік. Олардың қатарында өз әріптестеріміз де бар. Мақаламызға арқау еткелі отырған кейіпкерлеріміздің екеуі де қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа ісінің дамуына 43 жыл еңбек сіңірді. Бұл біле-білгенге аз уақыт емес, таза еңбектің айқын көрінісі, нағыз еңбекқорлықтың үлгісі. Екі кейіпкеріміз де еңбексүйгіштігімен ерекшеленеді.

Мысалы, «Ақпарат саласының үздігі» және «Еңбек ардагері» төсбелгілерінің иегері, белгілі журналист Айша Тұрмағамбетова жақында құрметті еңбек демалысына шықты. Айша Құрманғалиқызы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің түлегі, дінтану ғылымының магистрі.

Жезқазған облысының «Жезді өңірі» газетінде бөлім редакторы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде журналист, «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында корреспондент, Республикалық «Алтын-Орда» газетінің Қарағанды облысы бойынша тілшісі, «Қазақстан» телеарнасының әлеуметтік-саяси бөлімінің сарапшы-редакторы, «Заң газетінің» Астанадағы тілшісі болды. Өрқашан да оқу мен жұмысты қатар алып жүрді. Көптеген шығармашылық байқауларға қатысып,



Айша ТҰРМАМБЕТОВА



Шолпан НАУРЫЗБАЕВА

жеңімпаз атанды. Жан-жақты, ізденімпаз маман. Қаламының ұшымен талай еңбек адамының елге танылуына, еңбегі еленуіне ықпал етті. Халықтың құқықтық сауатын арттыруға зор үлес қосты. Осындай тынымсыз еңбегімен 43 жылдық бейнетінің жемісін көретін кезге де жетті.

Ал Шолпан Наурызбаева баспа ісінің маманы. 1983 жылы Жамбыл облысының қазіргі Байзақ ауданына қарасты «Дихан» ора мектебін бітіріп, Алматыға келді. Ол кезде «Дәуір» дәуірлеп тұрған Қазақстандағы ең ірі полиграфиялық баспа кешендерінің бірі болатын. Республикамыздың бүкіл газет-журналы «Дәуірден» басылып шығатын. Шолпан Махатқызының алғашқы еңбек жолы осы баспадан басталды. Баспада жұмыс істей жүріп, №5 полиграфиялық училищеде (Алматы полиграфиялық колледжі) білім алды.

Баспа ісінің маманы атанған Шолпан Наурызбаева ЭВМ машинасында жұмыс істеп, газет-журналдарды безендіру процесімен айналысты. Бұдан кейін «Дәуір» мен «Кітап» фабрикасы бірігіп, Гагарин көшесіне көшті. Осы жерде үш жыл еңбек етті. Қиын әрі күрделі жұмысты жиырма екі жылдан аса уақыт абыроймен атқарды.

Өткенге көз салған Шолпан Махатқызы: «Баспада жұмыс қайнап жататын. Техникалық редакторлар материалдарды түрлі тақырыптармен түрлендірсе, жауапты хатшылар макет жасайтын. Фотоабормен

терілген әріптер перпелентада жасалып код шығаратын. Барлық материал пленкада болатын. Пленканы қиып газеттерге орналастырасың. Қазіргідей бір ғана газетті жасамайсың, барлық басылымға атсалысасың. Мысалы, «Қазақстан мұғалімі», «Қазақ әдебиеті», «На страже», «Қазақстан пионері», т.б. басылымдар қолымыздан өтті» деді.

Баспаханадағы жұмыс белгілі бір уақытқа бағынбайтын. Таңертең басталған жұмыс газет-журнал дайын болғанша түннің жарымына дейін жүре беретін. Кейде оның үйіне таңғы алтыда бір-ақ қайтатын кездері де болатын. Ол заманда компьютер, интернет жоқ. Қазіргі күні осының бәрі ертегі іспетті.

Шолпан Наурызбаева 2005 жылдан бері «Заң газетінде» беттеуші. Бұған да биыл 21 жыл толады. Яғни, Наурызбаеваның еңбек кітапшасында екі-ақ жұмыс орны жазылған. Бұл көп адамда кездесе бермейтін сирек жағдай. Шолпан Махатқызының еңбегі елеусіз қалған жоқ, ол ҚР Президентінің «Алғыс хатымен», ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Осындай адал еңбегі, кәсіби шеберлігі арқылы өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар беретін еңбекқор жандарды дәріптеу бізге міндет.

Түймегүл ИБАШОВА,
журналист
Фото: Ғалия ҚАЛИЕВА

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ АЙТҚАНДАЙ «ЖҰМЫСТЫҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ, КЕЗ КЕЛГЕН ЕҢБЕК – ҚАДІРЛІ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ӘРКІМ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТЕРЕҢ СЕЗІНІП, ӨЗ МІНДЕТІН САПАЛЫ АТҚАРУЫ ТИІС. СОНДА ҒАНА ЕЛІМІЗ ДАМУДЫҢ САРА ЖОЛЫНА ТҮСЕДІ». БҰЛ МӘСЕЛЕНІ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ АЙТЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, САРА ЖОЛҒА ЖЕТУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІН ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУДЕ. ПРЕЗИДЕНТ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 3,3 МЛН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫН ТАПСЫРСА, БҮГІНДЕ ОНЫҢ 73 ПАЙЫЗЫ ОРЫНДАЛҒАН.

Республикамызда көп балалы отбасыларды әлеуметтік тұрғыда қолдауға ерекше көңіл бөлінсе, солардың ең ауқымдысы жұмыспен қамту мәселесі. Көп балалы аналарды, олардың отбасындағы еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамту мақсатында мемлекетімізде түрлі бағдарламалар мен жеңілдіктер заңмен қарастырылған.

Мәселен, ел демографиясының көтерілуінде айрықша орынға ие ата-аналар жұмыссыз қалған жағдайда мемлекеттік еңбек мобильділігі қызметіне жүгіну арқылы мамандығына сәйкес, бос жұмыс орындарына жолдаманы кезексіз алады. Яғни, олар бірінші кезекте жұмыспен қамтылады. Сонымен қатар, «Әлеуметтік жұмыс орында-



ры», «Қоғамдық жұмыстар» секілді жалақыны субсидиялау бағдарламалары белсенді түрде іске асырылып жатыр. Бұлардың қай-қайсысының да көп балалы отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтылуында маңызы зор.

«Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары да қарқынды жұмыс істеп, өткен жылы «Жастар практикасына» біріктірілді. «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы оқу орнын енді бітірген жас мамандардың, студенттік кезден отбасын құрып, бала тәрбиесімен отырып қалған көп балалы аналардың, ал «Ұрпақтар келісімшарты» кәсіптік, техникалық, орта және жоғары оқу орындарын бітіргеніне үш жыл толмаған 35-ке дейінгі жастардың еңбекке араласуына жол ашты.

«Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы зейнеткерлік жасқа жақындаған немесе зейнетке шығатын маманның орнына жас кадрды даярлауымен ерекшеленді. Осы арқылы жұмыс беруші жас маманға тәжірибелі тәлімгер бекітіп, оның өз жұмысын игеріп кетуіне мүмкіндік жасады. Бүгінде мұндай ауқымды жұмыстар «Жастар практикасы» шеңберінде қолға алынуда. Соған орай, жыл соңына дейін 35 жасқа жетпеген 25 мың жасты жұмыспен қамтуды көздеп отырғанын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді.

Республикамызда бала тәрбиесімен үйде отырған аналардың өз кәсібін ашуына мейлінше жағдай жасалған. Соның нәтижесінде мемлекет тарапынан қарастырылған қайтарымсыз гранттарға, жеңілдетілген несиелерге өз ісін бастағысы келетін көп балалы отбасылар еш кедергісіз ие болады. Яғни, бұл ретте оларға басымдық беріледі.

Көп балалы отбасыларды әлеуметтік, заңдық тұрғыда қолдау шараларының қатарында ҚР Еңбек кодексімен бекітілген құқықтық жеңілдіктер мен арнайы кепілдіктер де бар. Атап айтсақ, декреттік демалыста отырған ана тиісті мерзімінен бұрын жұмысқа шығуға құқылы. Мұндай кезде жұмыс беруші оған толық емес жұмыс уақытын ұсынуға міндетті. Оның шарттары мен тәртібі Еңбек кодексінің 70-бабымен реттелген.

Осы кодекстің 82-бабында қарастырылған, баласы бір жарым жасқа толмаған анаға баласын тамақтандырып келу үшін қосымша үзіліс беріледі. Үзіліс уақытын бала санына қарай жұмыс берушімен келіседі. Мысалы, әйел үзіліс уақытын

түскі ас кезіне қосуға немесе жұмыс күнінің басына не соңына жинақтап пайдалануға құқылы. Бұдан жұмыскердің табысы азаймайды. Жұмыс беруші заң талаптарын орындамаған, яғни, мұндай үзіліс беруден бас тартқан жағдайда жауапкершілік арқалайды.

Заңмен қарастырылған тағы бір артықшылық – балалы әйелдерді өздерінің келісімінсіз түнгі және үстеме жұмыстарға тартуға, іссапарға жіберуге тыйым салынған. Әйел келіскен жағдайда ол келісім жазбаша түрде рәсімделуі керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекетіміз көпбалалы отбасыларды жұмыспен қамтуды мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналдырған. Ресми мәліметтерге сүйенсек, биылғы маусымға дейін еліміздің мансап орталықтарына көп балалы отбасы санатындағы 17,2 мың азамат жүгінсе, олардың 6,1 мыңы жұмысқа орналастырылған. Бұлардың 3,7 мыңы жұмысқа тұрақты түрде орналасса, үш мыңы мемлекеттік субсидияланған уақытша жұмысқа жіберілген.

Көп балалы отбасыларды кәсіпкерлікке тартып, бизнес-жобаларын мақұлдау, сондай-ақ, гранттар мен субсидиялар беру шаралары олардың еңбек нарығына еркін ену мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық жағдайларын да жақсартыды. Мұндай игі істер еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылуда. Бұған бір ғана Шығыс Қазақстан облысынан мысал келтіруге болады. Қазіргі таңда Шығыс Қазақстандық 115 көп балалы отбасы ұсынған жобалар мақұлданды.

Осы облыстың 1400 тұрғыны Кәсіпкерлікті дамыту палатасының «Бастау-Бизнес» жобасымен оқыса, соның 125-і көп балалы отбасының азаматтары. Сонымен қатар, «Жас кәсіпкер» жобасы аясында білім алып жатқан 724 адамның 268-і көп балалы отбасылардың мүшелері.

Президенттің ел халқын жұмыспен қамту жөніндегі тапсырмасының 73 пайызға орындалуы сапалы жұмыс орындарының көбейгенін көрсетеді. Олай дейтініміз, жұмыс орындарының көптеп ашылуы өз кезегінде жұмыссыздар санын азайтады. Елімізде жұмыссыздықты жою жөніндегі шаралардың цифрлық экожүйемен қамтылуы ашықтықтың айқын дәлелі саналады.

Айгүл АХМЕТОВА,
журналист

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН



ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ ЕТІП ҰСТАНҒАН АЗАМАТ БОЛСА, ОНДАЙ АДАМНЫҢ БІРІ ӘРІ БІРЕГЕЙІ ДЕП – ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ АДВОКАТТАР ҰЖЫМЫНЫҢ АДВОКАТЫ МУКАШЕВА УРУХИЯ НАЙМАНХАНҚЫЗЫН АТАУҒА БОЛАДЫ.

Урухия Мукашева 1979 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдаған соң жолдамамен Талдықорған облысының облыстық тұтынушылар одағында заңгер болып қызмет атқарды.

1982 жылы Талдықорған қалалық Ішкі істер басқармасында тергеуші болып, лейтенант шенімен жұмысқа қабылданды. Осы қызметте жүріп, өзінің заң саласында терең білім алғанын көрсете білді. Аз уақыттың ішінде тергеу әдістерінің қыры мен сырын меңгеріп, өзінің іскерлігі мен атқарған жұ-

мысына деген жауапкершілігінің жоғары екендігін көрсете білді. Осының нәтижесінде қызмет бабымен тез жоғарылап, кезекті полиция (ол кездегі милиция) шенін ала отырып, 2009 жылы «Полиция полковнигі» шенінде зейнетке шықты.

Осы аралықта қатардағы тергеушіден бастап, ер адамдардың қолы жете бермейтін қызмет, яғни, Алматы облысы мен Талдықорған облысы қосылғанда, Алматы облыстық Полиция департаментінің тергеу басқармасы бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ол кездері тоқсаныншы жылдардың екпіні басыла берген, ұйымдасқан қылмыс өршіп тұрған болатын. Алматы облысында жиырма аудандық және үш қалалық Ішкі істер басқармаларында екі жүзден астам тергеушінің жүргізіп жатқан істеріне тікелей басшылық жасау, олардың тергеу барысындағы жұмыстарының сапасын тексеру, бақылап отыру оңай болған жоқ.

Өзіне бағынышты полиция тергеушілерінің Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстің талаптарын қатаң сақтап, оның шеңберінен шықпауын, заңды бұзмалаушылық болмауын жіті тексеріп, қадағалап отырды. Полковник Мукашева шындық пен әділдікті ту етіп ұстап, басқалардан да соны талап етіп отырған соң, оған өзінен жоғары тұрған лауазымды тұлғалар да құрмет көрсетіп, сыйлап жүрді.

Оның дәлелі осы қызметте жүрген кездегі Облыстық департамент басшылығынан және ҚР Ішкі істер министрлігінен алған бірнеше марапаттары дәлел.

Урухия Найманханқызы бұрынғы қызметі туралы былай деп еске алады: «Кейбір бұрынғы жұмыстағы әріптестер кездескенде: «Бұрын айыптаушы болып қылмыскерлерді жауапқа тартушы едің, енді соларды қорғап жүрсің бе?» дейді, мұны өз басым таяз ойлау деп санаймын. Мен үшін тергеу қызметінде де басты қағидат заңдылықты сақтау, әділдік және адамның жеке басының құқығын қорғау. Қашанда солай болып қалады. Кезінде тергеу қызметінде істеп жүргенде бастықтарға: мына адамды қамауға ала алмаймын, айып тағуға дәлел жеткіліксіз дегенде, басшылар тарапынан «неге адвокат болып жүрсің» деген мысқыл тектес ренішті естуші едік. Заңдылықты басты орынға қою, ол бірінші өзінді сыйлау, өзінді құрметтеу. Кәсіби деңгейің жетіп жатса, кінәлі екеніне көзің жетіп тұрса нақты фактілермен дәлелде, оған шамаң келмесе бос тыраштанып қоқаңдаған сырт көзге де жағымсыз әрекет және ешкімге шынайы бедел әкелмейді деп санаймын».

2010 жылы Урухия Найманханқызы адвокаттық қызметке келді. Алғашқы күннен бастап адвокат болу тек Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық процестік кодекстің талаптарымен ғана шектелмейтінін біліп, жалпы заңнамада көптеген азаматтық-құқықтық салаларды игеру керек екенін түсінді. Содан, бірден азаматтық-құқықтық саладағы заңдарды игеруге кірісті. Бұл салада көптеген Азаматтық, Азаматтық процестік, Еңбек, Неке

және отбасы, Салық, Жер қатынастары, Тұрғын үй кодексі, Су, Кеден кодекстері сияқты және басқа да әр салаға байланысты білім, медицина салаларына, зейнеткерлерге қатысты заңнамалар, басқа толып жатқан заңдар мен қаулыларды игеруге тура келді.

Ол өзінің бойына біткен табандылығының арқасында, қандай да бір істі мына заңмен таныс емеспін деп ысырып қойған кезі болған емес. Алдына келген азаматтардың сұрағы қандай салаға қатысты болмасын, оған тиісті заңды көтеріп, іздеп, толыққанды жауап беріп отырды. Олардың қойған мәселесін заң бойынша шешіп беруге бар күшін салып, осы сұрақ бойынша тиісті мемлекеттік мекемелерге сұрау салып, ұсыныс жасап, қажет болған жағдайда сотқа талап-арыз дайындап, сот арқылы шешіп отырды.

Кейде бірінші сатыдағы сотта шешімін таппаған азаматтық істер болса, оны жолда қалдырмай, жоғары инстанцияға арызданып, облыстық, одан әрі Жоғарғы Сотқа дейін баруға әрқашанда дайын болатын. Азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысты заңнамаларды өзі ақтара отырып, ол жағында тәжірибесі бар, бұрынғы адвокаттардан сұрауға арланған жоқ. Адвокаттық қызметте жүріп азаматтардың құқығын қорғауда, оған риза болып, рақметін жаудырып, басқа таныстарының құқық қорғау саласында жұмыстары болса ертіп келіп, Урухия Найманханқызымен таныстырып, «осы кісі мәселенді шешіп, түбіне шейін жеткізеді» – деп тапсырып жатқан азаматтар да аз емес.

Еңбегі бағаланып, Алматы облыстық адвокаттар алқасы бөлініп шыққан соң, Жетісу облыстық адвокаттар алқасынан және Облыстық Әділет департаментінің атынан бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Заңгерлік мамандықты таңдаған жастарға Мукашева Урухия Найманханқызының заң саласында жүріп өткен өмір жолы үлгі болатыны сөзсіз.

Заң мен тәртіпті өміріне қағида етіп ұстанған әрбір азаматтың алдында ештеңе кедергі болмайтыны, өмірде туындаған қиындықтарды әрқашан жеңіп отыратыны анық. Осыны жастар қазірден бастап санасына сіңіріп, әрқашан естерінен шығармауы керек. Сондықтан да зейнетке шыққан кезде елдің құрметіне бөленіп, ұрпақтарының мақтанышы болары сөзсіз.

Қожабергел ДАУРЕНБЕКОВ,
Жетісу облыстық адвокаттар
алқасының адвокаты

ӘЙЕЛДЕР ТЕҢДІГІ ЗАҢМЕН КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН

«ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, ОЛАРДЫҢ – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА, ЭКОНОМИКАҒА, БІЛІМГЕ, ҒЫЛЫМҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНА ТЕҢ ДӘРЕЖЕДЕ ҚАТЫСУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ. ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ҮШІН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЫНЫСЫНА, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНА, ЖАСЫНА ҚАРАМАСТАН ӨЗ ҚАБІЛЕТІН ТОЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНА МҮМКІНДІК БЕРІЛУІ ТИІС» – ДЕГЕН БОЛАТЫН ПРЕЗИДЕНТІМІЗ Қ. ТОҚАЕВ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ, КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ. БҰЛ ЕЛІМІЗДЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ НӘТИЖЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАНЫН КӨРСЕТЕДІ.



Гендерлік саясат – әйелдер мен ерлердің қоғамның барлық саласында тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты. Қазіргі таңда гендерлік теңдік демократиялық қоғамның басты қағидаларының бірі ретінде қарастырылады. Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі бағыттары Консти-

туцияда бекітілген азаматтардың тең құқықтары қағидатына негізделген. Мемлекет әйелдер мен ерлердің еңбек етуге, білім алуға, денсаулық сақтау мен мемлекеттік қызмет, кәсіпкерлік және қоғамдық-саяси өмірге қатысу мүмкіндіктерін тең дәрежеде қамтамасыз етуге ұмтылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы

конвенциясына Қазақстан да қосылып, халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық заңнаманы жетілдіріп келеді. Осы мақсатта әйелдердің құқықтарын қорғау, отбасылық құндылықтарды нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында бірқатар заңдар қабылданды.

Қазақстандағы гендерлік саясатты іске асырудың негізгі құжаты – Қазақстан Республикасындағы Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. Тұжырымдаманың басты міндеттері:

- әйелдер мен ерлердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру;
- мемлекеттік басқару жүйесінде әйелдердің үлесін көбейту;
- кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету;
- отбасы институтын нығайту;
- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- жастар арасында отбасы құндылықтарын насихаттау.

Сонымен қатар елімізде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған жеңілдетілген несие бағдарламалары, кәсіби оқыту курстары және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда.

Осы мақсатта жыл сайын елімізде көптеген іс-шаралар өткізіледі. Олардың қатарында – әйелдердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға арналған форумдар мен конференциялар, кәсіпкер әйелдерді қолдау бағдарламалары, гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ақпараттық науқандар, ауыл әйелдерінің экономикалық белсенділігін арттыру жобалары, жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған кездесулер мен семинар іс-шаралары жүргізіледі.

Сонымен бірге мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар да әйелдердің құқықтарын қорғау және олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру бағытында бірлесіп жұмыстар жүргізуде.

Гендерлік саясат қоғамдағы адами капиталдың тиімді пайдаланылуына жағдай жасайды.

Еліміздегі гендерлік саясаттың тиімділігін көрсететін нақты көрсеткіштердің бірі – әйелдердің мемлекеттік басқару ісіне қатысуының артуы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025 жылғы мәліметіне

сәйкес, мемлекеттік қызметкерлердің 55,8%-ын әйелдер құрайды (84 482 мемлекеттік қызметшінің 47 158-і – әйелдер). Сонымен қатар, басшылық лауазымдардың 39,1%-ын әйелдер атқарады.

Саяси салада да оң өзгерістер байқалады. 2025 жылғы жағдай бойынша Парламент депутаттарының 18,9%-ы – әйелдер (28 депутат), ал мәслихат депутаттарының 22,7%-ын әйелдер құрайды (774 депутат). Бұдан бөлек, Қазақстандағы судьялардың 53%-ы – әйелдер. Бұл көрсеткіштер гендерлік бағытында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың нақты нәтижелерінің бірі болып саналады.

Соңғы жылдардағы маңызды қадамдардың бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманы күшейту болды. 2023 жылы қоғамда үлкен резонанс тудырған Салтанат Нүкенованың қаза табуы әйелдердің құқықтарын қорғау мәселесін ұлттық деңгейде талқылауға алып келді. Осы оқиғадан кейін қоғамда заңнаманы күшейту туралы кең қоғамдық сұраныс қалыптасты.

2024 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін заңға қол қойды. Қоғам арасында бұл құжат бейресми түрде «Салтанат заңы» деген атаумен кеңінен танылды. Заң аясында денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру мен ұрып-соғу қайтадан қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылып, отбасындағы зорлық-зомбылық үшін жазалар күшейтілді.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры шағын және орта бизнес субъектілерінің едәуір бөлігін әйелдер жүргізуіне мүмкіндік беруде.

Гендерлік теңдік – тек әйелдер мен ерлердің құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету ғана емес, ол мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткіші. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, гендерлік саясаттың табысты жүзеге асырылуы қоғамның әл-ауқаты мен елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
журналист

ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕХАНИЗМ ЗАЩИТЫ ПРАВ ГРАЖДАН

В ЭТОМ ГОДУ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ИСПОЛНЯЕТСЯ РОВНО ПЯТЬ ЛЕТ. ВРЕМЯ, КОТОРОЕ ПОЗВОЛЯЕТ ПОДВЕСТИ ИТОГИ РАБОТЫ СУДОВ В СФЕРЕ ПУБЛИЧНО-ПРАВОВЫХ СПОРОВ, А ТАКЖЕ ОЦЕНИТЬ ИХ ЭФФЕКТИВНОСТЬ НА ПРАКТИКЕ. ПО ЭТОМУ ПОВОДУ ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ, ВЫСТУПАЯ НА МЕЖДУНАРОДНОМ ФОРУМЕ ПО АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮСТИЦИИ В АСТАНЕ, ПОДЧЕРКНУЛ, ЧТО ДАННЫЙ ИНСТИТУТ СТАЛ



ОДНИМ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ИНСТРУМЕНТОВ ФОРМИРОВАНИЯ СПРАВЕДЛИВЫХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ГОСУДАРСТВОМ, ГРАЖДАНАМИ И БИЗНЕСОМ, СПОСОБСТВУЯ УКРЕПЛЕНИЮ БАЛАНСА МЕЖДУ ПУБЛИЧНЫМИ И ЧАСТНЫМИ ИНТЕРЕСАМИ. ИМЕННО АКТИВНАЯ РОЛЬ СУДА И ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЕ БРЕМЕНИ ДОКАЗЫВАНИЯ СТАЛИ ВАЖНЕЙШИМИ ИНСТРУМЕНТАМИ ДОСТИЖЕНИЯ ТАКОГО РЕЗУЛЬТАТА.

При этом, среди представителей профессионального юридического сообщества по-прежнему бытует мнение о том, что потенциал административной юстиции раскрыт не до конца. Имеются проблемы с разным толкованием одних и тех же норм АППК в других регионах страны, что создает правовую неопределенность для граждан и бизнеса. Сюда также относятся долгое рассмотрение дел в апелляционной и кассационной инстанциях, проблемы с оспариванием подзаконных актов, отказы в принятии административных исков по формальным основаниям, когда один мелкий недостаток в документах приводит к тому, что иск остается без рассмотрения и многое другое.

О том, как на самом деле работает институт административной юстиции, в чем заключается активная роль суда, почему пятилетний срок функционирования данного института достаточен для того, чтобы оценить не только результаты проведенной реформы, но и ее влияние на систему государственного управления в целом, как сильно онлайн-процессы, включая технологии искусственного интеллекта, изменили работу судей и что необходимо сделать в ближайшие годы, чтобы повысить доверие граждан к административным судам и всей системе публично-правовой защиты рассказала судья Специализированного межрайонного административного суда города Алматы Айгуль КОЙШИБАЕВА.

– В июле 2026 года исполнилось пять лет с момента введения полноценной административной юстиции в Казахстане. Как Вы оцениваете эти пять лет с точки зрения своего профессионального опыта судьи? Какие главные достижения уже есть и какие проблемы еще остаются?

– Пять лет функционирования административной юстиции – достаточный срок для того, чтобы оценить не только результаты проведенной реформы, но и ее влияние на систему государственного управления в целом.

Когда в 2021 году вступил в силу Административный процедурно-процессуальный кодекс (АППК), многие специалисты справедливо говорили о том, что речь идет не просто о принятии нового процессуального закона, а о принципиальном изменении подхода к взаимоотношениям государства и человека.

Главным достижением считаю то, что административная юстиция смогла обеспечить реальное процессуальное равенство сторон в спорах с государством.

До введения АППК споры, возникающие между государственными органами и организациями, которым переданы функции государственной власти, разрешались в соответствии с гражданским процессуальным законодательством на основе состязательности и равноправия сторон. Роль суда в состязательном процессе заключалась в создании равных

условий для реализации сторонами своих процессуальных прав и представления ими доказательств.

Однако гражданин или предприниматель зачастую оказывался в объективно более слабом положении по отношению к государственному органу, который обладал административным ресурсом, доступом к необходимой информации и возможностью самостоятельно формировать доказательственную базу.

Введение административного судопроизводства позволило создать правовой режим эффективного восстановления нарушенных прав и свобод граждан и юридических лиц.

Особую роль в этом сыграли такие принципы, как: активная роль суда; обязанность государственного органа доказывать законность своего решения; принцип справедливости; принцип защиты права на доверие и принцип соразмерности.

Сегодня административные суды не только разрешают споры, но и фактически выполняют функцию повышения качества публичного администрирования.

Государственные органы постепенно начали уделять больше внимания мотивировке принимаемых решений, соблюдению административных процедур и обеспечению прав их участников.

На Международном форуме по административной юстиции, состоявшемся 5 июня 2026 года, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев отметил, что административная юстиция стала одним из важнейших инструментов формирования справедливых отношений между государством, гражданами и бизнесом.

Еще одним важным результатом является укрепление доверия граждан к судебной защите в публично-правовой сфере. Практика показывает, что граждане все чаще используют механизмы административного судопроизводства для защиты своих прав и законных интересов. Это свидетельствует о том, что общество воспринимает административные суды как реально работающий инструмент восстановления нарушенных прав.

Вместе с тем, остается ряд вопросов, требующих дальнейшего совершенствования.

Прежде всего, речь идет о повышении качества административных процедур непосредственно в государственных органах. Несмотря на положительную динамику работы административной юстиции, до сих пор встречаются случаи принятия недостаточно мотивированных решений, формального подхода к рассмотрению обращений граждан, неполного исследования обстоятельств дела при принятии административных актов.

По мере появления новых категорий дел формируется новая судебная практика, которая требует последовательности и единообразия.

Отдельного внимания заслуживает вопрос исполнения судебных решений по административным делам. Ведь эффективность административной юстиции определяется не только качеством судебного акта, но и его своевременным и полным исполнением государственным органом.

Поэтому следующие годы должны стать периодом дальнейшего совершенствования административных процедур, повышения правовой культуры органов управления и укрепления единообразия судебной практики.

– Расскажите о категориях дел, которые сегодня наиболее распространены в административных судах. В чем заключается важность расширения сферы административной юстиции после изменений конца 2025 года?

– Если говорить о структуре административных споров, то на протяжении последних лет наиболее значительную долю составляют дела по спорам, связанным с исполнением судебных актов, земельными отношениями, архитектурно-строительной деятельностью, налогообложением, государственными закупками, миграцией, социальной защитой населения, лицензированием и разрешительными процедурами.

В основном указанные категории связаны с решениями местных исполнительных органов, вопросами предоставления земельных участков, изменением их целевого назначения, выдачей разрешительной документации, с деятельностью налоговых органов, судебных исполнителей.

Безусловно, наиболее существенным нововведением конца 2025 года стало отнесение к административному судопроизводству дел об оспаривании нормативных правовых актов государственных органов.

На первый взгляд может показаться, что речь идет лишь о перераспределении компетенции по рассмотрению дел об оспаривании нормативных правовых актов государственных органов из гражданского в административное судопроизводство. Однако фактически значение этих изменений гораздо шире.

Если ранее административные суды проверяли законность индивидуальных административных актов, затрагивающих права конкретного лица, то теперь они получили возможность оценивать законность нормативных предписаний, распространяющихся на неопределенный круг лиц.

Такие дела отличаются повышенной сложностью. Суду необходимо исследовать не только обстоятельства конкретного спора, но и вопросы соответствия нормативного акта законам, конституционным принципам, общим принципам административного права, а также дать оценку последствиям его применения.

Иными словами, административная юстиция получила дополнительный инструмент устранения

причин системных нарушений, допускаемых органами публичной власти.

Данное нововведение существенно расширяет возможности защиты прав граждан и бизнеса.

В частности, если ранее лицо зачастую было вынуждено ожидать применения нормативного акта к конкретной ситуации, чтобы затем оспаривать последствия такого применения, то сегодня появилась возможность ставить вопрос о законности самого нормативного регулирования в рамках административного судопроизводства.

Это особенно важно для предпринимателей, поскольку многие ограничения в сфере бизнеса возникают именно вследствие принятия подзаконных нормативных актов.

В этой связи в перспективе можно ожидать значительного роста количества подобных споров, поскольку бизнес-сообщество и граждане уже начинают использовать новые процессуальные возможности для защиты своих прав.

Поэтому последние изменения в АППК следует рассматривать не только как процессуальную реформу, но и как важный шаг в направлении укрепления правового государства, повышения качества государственного управления и формирования благоприятной среды для развития предпринимательства.

– Одна из ключевых особенностей административного судопроизводства – активная роль суда и обязанность государственных органов доказывать законность своих действий. Насколько эффективно этот принцип работает на практике?

– Одной из наиболее важных особенностей административной юстиции является отход от классической модели состязательного процесса, где стороны самостоятельно определяют объем доказательств и несут равную ответственность за их представление.

В административном судопроизводстве законодатель сознательно закрепил иной подход, учитывая специфику публично-правовых отношений.

АППК возложил обязанность доказывания законности административного акта на государственный орган.

АППК также предоставляет суду больший объем полномочий по участию в сборе доказательств, что выражается во введении принципа активной роли суда в административном судопроизводстве.

Это вызвано тем, что сама юридическая природа публично-правового спора требует усиления процессуальной активности суда, рассматривающего административное дело, для обеспечения равенства сторон в процессе рассмотрения и разрешения административного дела.

Следует отметить, что активная роль суда не означает подмену им функций сторон или отказ от принципа беспристрастности. Речь идет о том, что

суд вправе самостоятельно инициировать исследование обстоятельств, истребовать необходимые документы, обращать внимание участников процесса на недостаточность доказательств и принимать меры для всестороннего выяснения фактических обстоятельств дела.

На практике такой подход позволяет значительно повысить качество отправления правосудия. Суд оценивает не только формальное соответствие решения требованиям законодательства, но и соблюдение государственным органом фундаментальных принципов административного права: законности, справедливости, соразмерности, разумности и защиты права на доверие.

Особенно заметно влияние данного принципа в спорах, связанных с предпринимательской деятельностью. Если ранее бизнес сталкивался с необходимостью самостоятельно опровергать выводы контролирующих органов, то сегодня именно государственный орган должен доказать правомерность своего вмешательства в предпринимательскую деятельность.

Не случайно в ходе Международного форума по административной юстиции Президент страны отметил, что административная юстиция способствует формированию справедливого баланса между публичными и частными интересами.

Именно активная роль суда и перераспределение бремени доказывания стали важнейшими инструментами достижения такого баланса.

Поэтому сегодня можно с уверенностью сказать, что этот механизм работает эффективно и является одним из основных факторов доверия граждан и бизнеса к административному судопроизводству.

– Как часто государственные органы признают свои нарушения еще на стадии судебного разбирательства и отзывают оспариваемые акты? Есть ли положительная динамика по сравнению с первыми годами работы административных судов?

– Такие случаи встречаются достаточно часто и, что особенно важно, их количество постепенно увеличивается. Это один из наиболее показательных индикаторов того, как меняется правовая культура государственного управления под влиянием административной юстиции.

Следует понимать, что основной целью административного судопроизводства является не вынесение как можно большего количества судебных решений, а восстановление нарушенного права. Если государственный орган приходит к выводу о наличии допущенных нарушений и самостоятельно устраняет их до завершения судебного разбирательства, то это в полной мере соответствует задачам административной юстиции.

В первые годы после введения АПК государственные органы достаточно редко пересматривали свои решения в ходе судебного процесса. Во мно-

гом это объяснялось отсутствием сформированной, как судебной, так и административной практики, недостаточным пониманием новых принципов административных процедур и определенной настороженностью по отношению к новым процессуальным механизмам.

Сегодня ситуация постепенно меняется. Государственные органы все чаще используют предусмотренные законом возможности для самостоятельного устранения нарушений. Нередко после изучения материалов дела, выражения судом предварительного правового мнения, установления в суде дополнительных обстоятельств административного дела административный орган приходит к выводу о необходимости отмены либо изменения ранее принятого решения.

Важно отметить, что речь идет не о формальном признании требований истца, а о более глубоком процессе формирования новой управленческой культуры. Государственные органы начинают воспринимать судебный контроль не как угрозу или инструмент наказания, а как механизм повышения качества собственной работы.

Каждое дело, в рамках которого орган самостоятельно устраняет нарушение, способствует предупреждению аналогичных ошибок в будущем, в том числе, формированию единообразия административных процедур.

– Цифровизация, электронные уведомления, онлайн-процессы, включая технологии искусственного интеллекта, сильно изменили работу судей. Какие преимущества и какие сложности Вы видите в этом переходе?

– За последние годы цифровизация стала одним из ключевых факторов модернизации судебной системы.

Информационная система «Төрелік», сервис «Судебный кабинет», автоматизированное распределение дел, аудио- и видеофиксация судебных процессов, Банк судебных актов обеспечивают удобное взаимодействие граждан с судами, исключают вмешательство в процесс распределения дел и способствуют единообразию судебной практики.

Цифровизация охватывает все этапы судопроизводства – от подачи документов до вынесения решений и выдачи исполнительных документов.

Главным преимуществом цифровизации является эффективное обеспечение доступа к правосудию. Сегодня гражданин или предприниматель может обратиться в суд, направить процессуальные документы, получить судебные акты и участвовать в судебном заседании независимо от своего местонахождения. Это особенно важно для жителей отдаленных регионов и представителей малого бизнеса.

Существенно повысилась оперативность рассмотрения дел. Электронный обмен документами позволяет сократить сроки получения информации,

ускоряет взаимодействие между судом и участниками процесса.

Не менее важным преимуществом является прозрачность судебного процесса. Цифровые технологии позволяют фиксировать все процессуальные действия, обеспечивают участникам процесса возможность ознакомления не только с процессуальными документами, но и материалами дела в онлайн-режиме, что, безусловно, способствует укреплению доверия к судебной системе.

Значительным достижением стало внедрение интеллектуальных помощников для судей. Так, в 2023 году введена в эксплуатацию система «Цифровая аналитика судебной практики», использующая элементы искусственного интеллекта. Она анализирует миллионы судебных актов, выявляет схожие правовые ситуации и помогает прогнозировать возможный исход споров.

В целом перспективы использования технологий искусственного интеллекта весьма значительны. Они способны существенно повысить эффективность работы судьи, освободив его от выполнения ряда технических задач и предоставив дополнительные аналитические возможности.

